



OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2018

ЗЕРТТЕУ

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді үйренуі.
Бөлінген қаржының тиімді жұмсалуды мәселесі.

Е. КӘПҚЫЗЫ

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен
"Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open
Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды.
Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын
білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқара-
сымен сәйкес келмеуі мүмкін.

ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

АЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
Титулды ұлт	Сол мемлекеттің байырғы ұлты
Қазтест	Мемлекеттік тілді білуді анықтаушы критерий
Декларация	Заңдық күші бар құжат
Аккредитация	Арнайы рұқсат алу жүйесі

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1. Мемлекеттік тілді дамыту – мемлекеттік саясаттың басты міндеттерінің бірі...	4
1.1. Мемлекеттік тілді дамыту мақсатындағы мемлекеттік бағдарламалар	4
1.2. Мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйретудің тиімді жолдарын жасауға арналған басқару шешімдері	10
2. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді үйрену деңгейі	11
2.1. Мемлекеттік бағдарлама бар, бірақ заңдық талап жоқ	11
2.2. Сарапшылар пікірі	13
2.3. Ақпарат беруші органдардың есептілік деңгейі қандай?	15
Ұсыныстар	19
Қорытынды	20
Пайдаланылған әдебиеттер	23

Тілдерді дамытудың 2011-2020 мемлекеттік бағдарламасы бойынша мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді оқытуға бөлінген қаржының тиімділігі (Алматы қаласындағы «Тілдерді дамыту басқармасы» бойынша)

КІРІСПЕ

Мемлекеттік тіл статусына ие болған – қазақ тілі әлі күнге дейін қажетті дәрежеге жете алмай отыр. Мемлекет тарапынан мемлекеттік тілді дамыту мақсатында қыруар қаржы бөлініп келеді. Алайда, бұл қаржы құмға сіңген судай өз нәтижесін бере алмай келеді. Әсіресе мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйретуге арналған қаржының ұшы-қиыры көрінер емес. Бұл зерттеу Алматы қаласының мемлекеттік қызметкерлерінің мемлекеттік тілді үйренуіне бөлінген қаржының қаншалықты тиімді жұмсалғандығын айқындау мақсатында жасалып отыр.

Зерттеу объектісі – Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының 2011-2017 жылдары Мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік тілге үйрету мақсатында бөлінген қаржының жұмсалыу барысы

Зерттеу сауалдары:

RQ1: 2011-2017 жылдар аралығында мемлекеттік тілді үйретуге бөлінген қаржы тиімді жұмсалған ба?

RQ2: Мемлекеттік тілді үйренушілердің тілді білу үйренуінің нәтижелілігі?

RQ3: Ақпарат беруші органдардың есептілік деңгейі қандай?

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ

Мемлекеттік тілді дамыту мақсатындағы мемлекеттік бағдарламалар

Қазақстанда мемлекеттік тілді дамыту және оны өз дәрежесінде қолдану міндеті тәуелсіздік жариялаудан бұрын, 1989 жылдан бастап қолға алынды. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы елдегі титулды ұлтпен санаспаудың соңы жақсылыққа апармайтындығын тағы бір рет дәлелдеп берді. Сөйтіп, қазақ халқының ұлттық сана-сезімін арттыру және халықтық дүрбелеңнің алдын алу мақсатында – қостілділік, яғни қазақ тіліне де мемлекеттік мәртебе беру саясаты жүзеге асты. Ал 1990 жылғы Тәуелсіздік декларациясы (25 Қазан) және 1991 жылғы «Мемлекеттің тәуелсіздігі туралы» (16 Желтоқсан) заңның қабылданып, жеке дербес ел ретінде тарих сахнасына қайта шығуы – бұл міндетті одан ары тереңдете түсті. Қазақстан Республикасының 1993 жылы қабылданған алғашқы Конституциясында «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл»^[1] деген статус берілді. 1995 жылғы Конституцияда орыс тілінің ресми статусы басқа дәрежеге көтеріледі. Қолданыстағы Конституцияның 7-бабының 1-тармағы «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл»^[2] делінсе, екінші тармағында: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең (наравне) қолданылады»^[3] делінген. Құқықтанушылар мен саясаттанушылар «ұлтаралық тіл» статусы мен «мемлекеттік тілмен тең» дәрежеде қолданылу терминдерінің екі түрлі интерпретацияға ие екендігін айтады. Біріншісіндегі орыс тілінің дәрежесі екіншісімен салыстырғанда анағұрлым пәс дейді олар. Көптеген саясаттанушылардың пікірі бойынша, Конституциядағы орыс тілінің осы дәрежесі мемлекеттік тілдің өз дәрежесіне көтерілуіне кедергі келтіріп отыр. Дәл осы мақсатта 2011 жылы 138 адам қол қойған Ашық хат ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атына жолданды. Бұл хаттың негізгі мақсаты – Конституцияның 7 бабының 2-тармағын түбегейлі өзгертуге, яғни орыс тілінің ресми статусын алып тастауға саяды^[4].

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, «Қазақстан», - 1993 (31-4)

² Қазақстан Республикасының Конституциясы.- Алматы: Жеті Жарғы, - 2007. 136 б

³ Сонда

⁴ ?

Мемлекеттік тілді дамытуға билік тарапынан жасалып жатқан шараларға ұлттық зиялы қауымның көңілі толмаса да, Үкімет тарапынан көптеген іс-шаралардың қолға алынып жатқандығын атап өту керек. Мемлекеттік тілді дамыту, әрі оның шын мәнісінде өз дәрежесіне сай болуын қамтамасыз ету үшін Қазақстанда 3 рет мемлекеттік бағдарлама, 1997 жылы Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заң қабылданды. Осы заңда «Мемлекеттік тілді меңгеру – әр Қазақстан азаматының міндеті» деген жолдар жазылды. Бұған дейін «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін»^[5] деген ұрандар айтылып, мемлекеттік тілде тек титулды ұлт өкілдері сөйлеуі қажет деген біржақты түсінік қалыптасып келсе, аталмыш заң қазақ тілін барлық Қазақстан азаматтарының үйренуі қажет екендігіне жол сілтеген бағдар болды.

Тілдерді дамытудың алғашқы бағдарламасын саясаттанушылар осы заңның логикалық жалғасы іспетті деп есептейді^[6]. Бұл бағдарлама 1998-2000 жылдарды қамтиды. Саясаттанушы Талғат Мамырайымов 2011 жылдың 12-қыркүйегінде «Актуальные вопросы государственной языковой политики в Казахстане» атты дөңгелек үстелде жасаған баяндамасында: «Сөйтіп, 1997-1998 жылдары біздің елімізде қазіргі тіл саясатының негізгі бағыттары айқындалды деп айтуға болады. Дәл осы жылдары қазақ тілінің қызметін дамытуға қатысты нақты қадамдар қолға алынды. Нәтижесінде, бұл қадамдар тілдерді дамыту мен жетілдірудің 2001-2010 жылдарға арналған екінші мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында жалғасын тапты»^[7] - деп жазады.

Дегенмен, Қазақ тілі – мемлекеттік дәрежесін алған 30 жылдай уақыт аралығында мемлекеттік жиындар, іс-қағаздары толықтай дерлік мемлекеттік тілде жүргізілмейді. Бұның басты себебі – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді өз деңгейінде меңгермеуінде. Қазақстанның «Мемлекеттік қызмет туралы» заңында мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді білуін мәжбүрлейтін арнайы бап жоқ. Сол себепті де мемлекеттік қызметке қабылданушылардан мемлекеттік тілді білу арнайы талап етілмейді. Бірақ, «Тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының» алға қойған негізгі міндеттерінің бірі – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді үйренуі. 2001-2010^[8] жылдарға арналған бағдарламадағы негізгі индикаторларға назар аударсақ:

Мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқарудың тілі ретінде қызмет етуін қамтамасыз ету;
2010 жылға қарай барлық орталық және жергілікті атқару органдарында кезең-кезеңмен мемлекеттік тілді енгізу жоспарланған. «Мемлекеттік басқарудың бірқатар органдарында мемлекеттік тіл мүлдем қолданылмайды немесе тым аз қолданысқа ие. Осыған орай, 2010 жылға қарай іс-қағаздарын, есеп-статистикалық құжатнаманы, қаржы және техникалық құжатнаманы кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіру қажет. 2006 жылы – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі; Ауыл шаруашылығы министрлігі; Ақтөбе, Батыс-Қазақстан, Қарағанды облыстары мен Алматы қаласының жергілікті өкілетті және атқарушы органдары; 2007 жылы – ҚР Жоғарғы Соты; Бас Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Орталық сайлау комиссиясы; Конституциялық Кеңес; Есеп комитеті; Әділет Министрлігі; Білім және ғылым министрлігі; Денсаулық сақтау министрлігі; Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

Энергетика және минералды ресурстар министрлігі; Сауда және индустрия министрлігі; Ішкі істер министрлігі; Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі; Туризм және спорт министрлігі; экономикалық қылмыс және жемқорлықпен күрес агенттігі (қаржы полициясы); Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және бақылау жөніндегі агенттік; Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттік; Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттік және Алматы, Павлодар облыстары мен Астана қаласының атқарушы органдары; 2008 жылы – ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі; Қорғаныс министрлігі; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлік; Қаржы министрлігі; Статистика жөніндегі агенттік; Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттік; Ақмола, Қостанай, Солтүстік-Қазақстан және Шығыс-Қазақстан облыстарының жергілікті өкілетті және атқарушы органдары; 2009 жылы – ҚР Президент әкімшілігі; Парламент; ҚР

⁵ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z97000015L>

⁶ Талғат Мамираимов, вице-президент Казахстанского центра гуманитарно-политической конъюнктуры

⁷ Политические аспекты языковой политики в Казахстане// <http://www.sarap.kz/index.php/ru/rubikon/323-politicheskie-aspekty-yazykovoj-politiki-v-kazakhstan.html>

⁸ Сонда

⁹ Егемен Қазақстан, 2001 жыл, 14 ақпан

Үкіметі; Президенттің іс басқармасы; Сыртқы істер министрлігі; Алматы қалалық аумақтық қаржылық орталығының іс-қызметін реттеу жөніндегі агенттік мемлекеттік тілге жаппай көшетін болады» делінген.

Аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін ел бюджетінен тек 2009 жылдың өзінде 5 миллиард 66 миллион, 2010 жылы 4,8 миллиард теңге бөлінген. Өкінішке қарай, 2010 жылы «Тілдерді дамыту мен қолданудың» мемлекеттік бағдарламасын қорытындылау барысында алға қойған бұл міндеттердің ешқайсысы орындалмағандығы айқындалды. Керісінше, бұл салаға бөлінген 65 миллион теңгенің қолды болғаны белгілі болып, сол кездегі Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитетін 2006-2008 жылдары басқарған филология ғылымдарының докторы, профессор Ерден Қажыбекке іздеу жарияланады. Бүгінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтын басқарып отырған Ерден Қажыбек «Жас Алаш» газетіне берген сұхбатында өзінің жемқорлыққа ешқандай қатысы жоқ екенін мәлімдеп, бұл істе қандай да бір түсініспеушілік орын алғандығын айтады.^[10]

Тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша, Қазақстандағы барлық мекемелер мемлекеттік тілде сөйлеп кетуі қажет болған. Көріп отырғандарыңыздай, бұл бағдарлама діттеген мақсатына жетпеді. Сөйтіп тағы бір бағдарлама қабылдау қажеттігі туындады. 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламаны талқылау барысында алғашқы бағдарламаның жүзеге аспауының себеп-салдарлары тізбеленді. Біздің нақты нысанаға алып отырғанымыз – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді үйрену деңгейі болғандықтан, проблеманың осы бағытына назар аударып көрмекпіз. Бағдарламаны сарапқа салушылар мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді үйренбеу себебін төмендегіше тізбелейді:

Мемлекеттік тілдің мемлекеттік қызметтің барлық саласында қолданылмауы;
мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді меңгеруге мүдделілікті арттыруға және іс жүргізуді толық көлемде мемлекеттік тілге көшіруді аяқтауға байланысты жұмыстардың тиісті деңгейде жүргізілмеуі;
мемлекеттік тілді меңгерген және оны жұмыста қолданатын мамандардың ынталандырылмауы.^[11]

Сол себепті де, 2011-2020 жылдарға арналған үшінші бағдарламаның да басты міндеті мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеруіне арналған: "Қазтест" жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі (2017 жылға қарай - 25%, 2020 жылға қарай - 35%) С1 деңгейінде (2017 жылға қарай - 5%, 2020 жылға қарай - 15%); 5) "Қазтест" жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардағы қызметкерлердің үлесі (2017 жылға қарай - 10%, 2020 жылға қарай - 20%), С1 деңгейінде (2017 жылға қарай - 5%, 2020 жылға қарай - 10%)».^[12] Көріп отырғандарыңыздай, бағдарламада мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін 100 пайызға жеткізу міндет етіп қойылмаған. С1 деңгейі – тілді білудің ең жоғарғы сатысы.


Бұл бағдарламаның алғашқы кезеңін жүзеге асыру мақсатында республикалық және жергілікті бюджеттен жиыны - 19 миллиард теңге (2011 – 5,8 миллиард теңге, 2012 жылы – 6,5 миллиард, 2013 жылы – 6,7 миллиард теңге, 2014-2016 жылдарға 16, 728 теңге бөлінген.

¹⁰ ЕРДЕН ҚАЖЫБЕК: МЕКТЕПТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ БОЛУЫ КЕРЕКІ!// [HTTPS://QAZAQUNI.KZ/2017/08/09/73336.HTML](https://qazaquni.kz/2017/08/09/73336.html)

¹¹ <http://anatili-almaty.kz/index.php/contents/79>

¹² <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>

Диаграмма 1.




Жиыны 50 миллиардтан асатын бұл қаржыға 600 бала оқитын 50 мектеп салуға немесе Қазақстанның маңдайалды 5 ұлттық университетінде 40 студенттің 4 жыл толық білім алуына болады. (2017-2019 жылдарға арналған қаржы көлемін қоспағанда)

Біздің зерттеуіміз Алматы қаласы мемлекеттік қызметшілерінің мемлекеттік тілді үйрену мәселесіне арналғандықтан, Алматы қаласының жергілікті бюджетінен осы мақсатқа бөлінген қаржыны сарапқа салуды жөн деп таптық. www.openbudget.kz сайтының мәліметтеріне сүйенсек, жергілікті атқару органының мемлекеттік қызметшілерін, Алматы қаласының әлеуметтік аз қамтылған азаматтарын қазақ және ағылшын тілдеріне, сонымен қатар ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдеріне қазақ және ана тілдерін үйрету мақсатында 2016, 2017 жылдары Алматы қаласының бюджетінен 30 және 22,45 миллион теңге бөлінген екен. 2018, 2019 және 2020 жылдарға жасалған жоспар бойынша, тиісінше 20 миллион, 29 миллион және 31 миллион теңге бөлінбек көрінеді. Біз бұл қаржының нақты қаншасы мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеруіне арналғандығын айқындау мақсатында Алматы қалалық Тілдер басқармасына арнайы сұраным жолдадық.


Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының 25.05.18 күнгі №03-19/400 хатындағы мәліметтер бойынша, 2007-2016 жылдардағы бөлінген қаржы көлемі төмендегідей болған.

Диаграмма 2.



Яғни, мемлекеттік тілді қала тұрғындарына үйрету үшін бөлінген қаржы 2007 жылдан 2016 жылдар аралығында 9 миллион теңгеден (72 мың доллар, 2007 жылы доллардың теңгеге шаққандағы құны – 125 теңге) 30 миллионға (92 000 доллар, 2017 жылы доллардың теңгеге шаққандағы құны – 326 теңге) дейін яғни үш есеге дейін өскен. Және мемлекеттік тілді үйренуге қатысушылардың жалпы саны мен мемлекеттік қызметшілердің санын төмендегі диаграммадан байқап көрелік.

Диаграмма 3.




2007 2008 2009 2010 2011 2012 2013 2014 2015 2016 2017

Жылы

Диаграммдан көріп отырғандарыңыздай, мемлекеттік тілді үйрету үшін бөлінген қаржыны адам басына шақсақ, 2007 жылы тіл үйретуге бір адамға 32 мың теңге жұмсалса, 2011 жылы (ең көп қаржы бөлінген жыл) – 17 мың теңгеден, 2017 жылы – 25 мың теңгеден айналған.

Тілдерді дамыту басқармасының есептерінде тыңдаушылардың курстарға қатысу деңгейінің тым төмендігі жиі айтылады. Басқарма мамандары мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді білу деңгейінің төмен болуының бір себебін осыдан іздеген. Төменде 2017 жылдың желтоқсан айындағы көрсеткіш бойынша, тыңдаушылардың курсқа қатысу көрсеткіші ұсынылып отыр:

Диаграмма 4.



Барлық 34 басқармадан 648 адам қатысқан, олард қатысу көрсеткіші қатысу көрсеткішінің 70%-дан жоғары мекемелер мен 25 пайыздан төмен мекемелердің көрсеткіштерін назарларыңызға ұсынамыз. Яғни, бес мекемеде қатысу көрсеткіші – 25 пайыздан төмен болса, 7 мекемеде бұл – 70 пайыздан жоғары мәнге ие. Қалғандарының қатысу көрсеткіші шамамен 50 пайыздың көлемінде.

Демек, осы жылдар аралығында мемлекеттік тілді дамыту мақсатында әжептәуір қаржы бөлініп отыр.

Мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйретудің тиімді жолдарын жасауға арналған басқарушылық шешімдер

2011 жылы жаңа бағдарлама қабылдау барысында проблеманың тым толғақты екенін, әрі мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді үйрену деңгейінің сын көтермейтінін мойындаған құзырлы мекемелер оны тиімді етудің жолдарын қарастырады. Бірнеше дүркін жиын өткізіп, мәселені оңтайлы шешудің жолдарын іздестіреді. ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы бас болып, 2011 жылдың 6-сәуірінде өткізген «Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді оқытудың жаңа технологиялары: дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді. Осы конференцияда аталған орталық директорының орынбасары Несібелі Құрман қазақ тілін үйрету курстарының желісін жасау қажеттігіне баса тоқталады^[13]. Дәл осы идеяны 2010 жылы Тіл комитетінің сол кездегі төрағасы Б. Омаров ұсынған екен. Оның республикалық «Айқын» газетіне берген сұхбатында құзырлы органдардың бұл қадамы тіл үйретуді бір жүйеге түсіп, методика бірізденеді деген ой айтады: «Осы құжат аясында құрылатын қазақ тілін оқыту орталықтарының желісі бүгінгі күні ерінбегендердің ермегіне айналған қаптаған орталықтарды жоюға ықпал етеді. Арнайы аккредитациядан өткен қазақ тілін оқыту орталықтарының желісі құрылады. Ал әзірге ерінбеген екі адам орталық ашып, бірі басшы, бірі қосшы болып тіл сындырумен айналысып жүргені белгілі. Төменгі баға белгілеп, тендерден ұтып алған ақшасы айлығына да, шайына да жетпейтін, оқулығы түгілі оқытушысы да жоқ орталықтар сабақ беріп жарыптайды. Тіл үйренуге құлқы жоқ кейбір мекемелер қағаз жүзінде ғана оқытатын, іздегенге – сұраған, осындай орашалақ орталықтармен келісім-шарт жасасуға мәжбүр» дей отыра, «орталықтардың білім беру қызметінің міндеттерін қабылдау ғана емес, олардың қызметін бағалаудың рейтингілік жүйесін енгізу де көзделді»^[14] - дейді. Сөйтіп ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы құрылады. Бұл орталық өңірлердегі өзге орталықтардың жұмысын үйлестіруді қолына алады. Алайда, Қазақстанда тіл үйретудің бірыңғай жүйесі ақыры жасалмады. «2012 жылы барлық тіл орталықтарына – мемлекеттік және жеке меншік тіл үйрету курстарына мемлекеттік тілге үйретудің бірыңғай типтік бағдарламасы жасалғаны белгілі. Бірақ, неге екенін қайдам, тілді үйретудің бірыңғай жүйесі қалыптаспады, әртүрлі регионда бір терминді түсіндіру әдісі әртүрлі»^[15]. Демек, тілді үйренбеудің тағы бір сыры - оны үйретудің бірыңғай методикасының қалыптаспауы. Дегенмен, біз сұхбаттасқан мұғалімдер ішкі мотивациясы күшті адамдар үшін тіл үйренудің барлық мүмкіндіктері жасалған деген пікірде.

Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасын 2010-2017 жылдар аралығында басқарған Мамай Ахетовтің айтуынша «Алматыда «Тіл» оқыту-методикалық орталығы 2007 жылдан бастап құрылған. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік мекеме. «Бұл мекемемен жұмыс істеу оңайырақ еді, өйткені бүкіл іс-шара алдын ала жоспарланатын. Кететін шығындардың барлығын айқындап, соны Мәслихатта қорғайтынбыз» - дейді ол. Бұл орталық 2014 жылға дейін жергілікті бюджеттен бөлінетін мемлекеттік сатып алулар конкурсына «бір ғана сатып алушы» ретінде қатысып келген. 2014 жылдан кейін «Мемлекеттік сатып алулар» туралы заң талабы бойынша мемлекеттік мекемелер «бір ғана сатып алушыға» бюджет қаржысын үлестіру заңға қайшы болатын болғандықтан, бұл орталықты ұстау мүмкіндігі қиынға соқты. Мұндай орталықтар өзін-өзі қалай ақтайды, олардың өндіріп отырған тауары жоқ. 2017-2018 жылдары ол жойылып тынды». 2015 жылдан бастап, мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді үйретуге бөлінетін қаржыны жеңіп алу үшін арнайы ашық конкурс өткізілді. 2017 жылы «Senim group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2018 жылы «Мемлекеттік тіл институты» қоғамдық қоры жеңіп алып отыр.

¹³ Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді оқытудың жаңа технологиялары: дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, - 2011, 5-6

¹⁴ Елдос Сенбай. «Терминком мүшелерін терминатор секілді көрудің қажеті жоқ». Айқын, №162, 2010, 4,09

¹⁵ Ю.Кисткина. Что тормозит стоппроцентную языковую казахизацию?//<http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1526727000>

Демек, басқарушылық шешімдер өз нәтижесін бермеген.


МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕНУ ДЕҢГЕЙІ

Мемлекеттік бағдарлама бар, бірақ заңдық талап жоқ

«Тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы енді бір жыл үш айдан кейін аяқталуы тиіс. Бағдарлама бойынша 2020 жылы қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілінде еркін меңгеріп, сөйлеп, жаза алуы тиіс. Алайда, бұл бағдарламаның да діттеген мақсатына жетуіне көпшіліктің көкейінде үміттен гөрі күмән басым.

Алматы қалалық тілдерді дамыту басқармасы Тілдерді дамыту бөлімі қызметкерлерінің берген дерегіне сәйкес 2018 жылдың сәуір айында Алматы қаласындағы 1491 мемлекеттік қызметшінің 80 пайызы (1179 адам) Қазтестіден өткен. Тестіден өткендердің 9-ы ғана тілді С1 деңгейінде білетіндігі анықталды.

Диаграмма 5. Нәтиже қалай болды?



2018 жылдың сәуір айында Алматы қаласындағы 1491 мемлекеттік қызметшінің 80 пайызы (1179 адам) Қазтестіден өткен.

Бірақ, Тілдерді дамыту басқармасының қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілерді Қазтестіден өткізуге заңдық құқы жоқ екен. Өйткені оған міндеттейтін құқықтық база жасалмаған. «Ешкім ешқандай заңмен, ешқандай құқықтық-нормативтік актімен мемлекеттік қызметші Қазтестіден міндетті түрде өтуі керек» деген талап қоймайды. Тек А1 корпусына үміткерлер ғана Қазтестіден өтуі тиіс. Яғни, әртүрлі деңгейдегі әкімдер (аудан, қала әкімдері), қалған қызметшілерді Қазтестіден тек диагностика жасау үшін ғана өткізуге болады. Оларды тіпті мемлекеттік тілді үйренуге де міндеттей алмаймыз. 1179 адамның 68 пайызы тілді бастауыш және базалық деңгейде меңгерген. Осы 68 пайыз үшін топтар жасақталып, арнайы қаржы бөлінеді. Алайда, басқарма қызметкерлерінің тағы бір атап өткені, бұл қызметкерлердің мемлекеттік тілді оқуына қатысты ешқандай мекеме басшысының немесе орынбасарының арнайы бұйрығы шықпайды. Жұмыс уақытында олар уақыт тауып тілді үйрену курстарына баруы керек. Сол себепті де, қатысу өте төмен, соған сай тілді меңгеру де өте төмен. Себебі, тілді үйренуге деген қажеттілік әрі сұраныс жоқ. Жағдай осылай жалғаса беретін болса, тілді үйренудің түбі

көрінбейді. Сонымен қатар, Қазтест тілді білудің индикаторына айнала алмай отыр. Өйткені, осы тестіден өткен қызметкерлердің өзі де мемлекеттік тілде іс-қағаздарын жүргізе алмайды.

Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының берген жауаптары бойынша, 120 сағаттық бір курс жеті айға созылған. Тыңдаушылар 1 сағат 20 минуттан аптасына екі рет сабаққа қатысып отырған. Бижомарт Қапалбековтің пікірінше, бұл тіл үйренуші үшін аса тиімді кесте емес. Яғни, ол келесі сабаққа келгенше, тілді ұмытып қалады.


2017 жылғы мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметкерлерге үйрету курсына шақырылған қазақ тілі мұғалімдерінің біразымен жеке тілдесіп, сұхбаттасу барысында айқындалған бір мәселе курс тыңдаушыларының қатысу дәрежесінің проблема тудырғаны. Дегенмен, оқытушылар тілді үйренуге бөлінген 120 сағаттық бір деңгейді игеріп шығуға жеткілікті екендігін айтады.

Ең басты мәселе, тіл үйренушілердің жеке мотивациясы. Заң бойынша, мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік тілді білуі міндетті емес. Тілді білу міндеттелмегендіктен, оны үйренуге құлық та жоқ.

Осының салдарынан, жыл сайын мемлекеттік қызметшілерді үйретуге бөлінетін қаржы көбеймесе, азаймай келеді.

Бұдан шығатын қорытынды қаржы тиімсіз әрі жүйесіз жұмсалған. Мәселен, 2013 жылы мемлекеттік тілді дамытуға жалпы бюджеттен 1,7 миллиард теңге бөлінген.

Диаграмма 6. 2013 жылы



Дереккөз - <https://kazbei.org/themes/170-anaiz-rashodov-na-razvitie-kazahskogo-yazyka-v-2013-godu.html?lang=ru>

Бізді қызықтырғаны – www.til.gov.kz сайтына 43 715 000 теңге немесе 291 433 АҚШ долларының жұмсалғаны (барлық қаржының – 2,5%-ы)^[16]. Әрине сайт үш тілде жұмыс істеп тұр. Алайда мақала авторының жазуы бойынша сайт жұмысына тәуелсіз баға берушілердің айтуынша бұл сайтты жасауға небәрі – 1200 доллар ғана (яғни 200 мыңдай теңге) қажет екен^[17].

Курсқа жазылған мемлекеттік қызметшілердің тілді үйрету курстарына қаншалықты көңілі толады? Олардың тілді білу деңгейі және курстардың материалдық-техникалық базасы қандай? Осы сауалдарға жауап алу мақсатында «Мемлекеттік тілді дамыту институты» өткізіп жатқан тіл курстарына барып қатысып, тіл үйренуші мемлекеттік қызметшілермен тілдесіп қайттық. Тіл үйрену курстары әрбір басқармада жасақталған қазақ тілі кабинеттерінде өткізіледі екен. Онда лингафон кабинеттері жоқ. Мен қатысқан екі басқарманың өткізген сабақтарына қатысушылар жарты сағаттан кейін жұмыстарына асыға бастады.

Бізді бәрінен бұрын қынжылтқаны, сабақтың өткізілу барысы. Нақты жоспар, нақты мақсат жоқ. Сабақта жаңылтпаш оқыту немесе мәтінмен жұмыс жасау, сөйлемдегі тірек сөздерді табу, қазақ тілінің байлығы және синонимдік қатарының молдығы сөз болды. Ал үйренушілер тілді үйретудің мұндай әдісінің тиімсіз екендігін айтады. Оларға нақты өз саласына қатысты терминдермен жұмыс, іс-қағаздарын жүргізу секілді тілді күнделікті жұмыс барысында қолдануға көмектесетін дәрістер қажет екендігі нақтыланды. Сол себепті де сабаққа қызығушылық аз.

Курсқа қатысушылардың арасында қазақ мектебін бітірушілер бар. Үйренушілердің қазақ тіліндегі қарым-қатынас деңгейі өте жоғары. Ендеше бұл адамдарға тіл курстарын ұйымдастырудың қаншалықты қажеттілігі туды деген заңды сұрақ туындайды.

САРАПШЫЛАР ПІКІРІ

Мамай Ахетовтің айтуынша, әлі тілді оқыту методикасы дұрыс жолға қойылмаған. Қазіргі методикалар тілді білетіндерге арналған. ҚазТест мәселесі енді ғана қолға алынып жатыр. Тіл комитетінің жүргізген анализі бойынша Алматы қаласында іс-қағаздарының қазақ тіліндегі айналымы 67 пайызға жеткен. Бұл көрсеткіштің өзі қағаз жүзінде. Көптеген мекемеде бұл міндетті бір-екі аудармашы ғана атқарып отырғандығы мойындалды. Ал іс жүзінде іс-қағаздары, жиындардың басым көпшілігі орыс тілінде өткізіледі. Бұрынғы қызметкердің пікірі бойынша:

Жалпы, мемлекеттік сатып алудың жүйесі дұрыс емес.

Ең төменгі бағаны белгілеген ұйымның жеңіп алуы – орталықтың жалға алу шығындарын, қызметкерлердің жалақысы мен мұғалімдердің қызмет құнын көтере алмайды. Сол себепті де мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тілге оқытуға келетін мұғалімдердің деңгейі өте төмен.

Мемлекеттік қызметшілер өз қалауымен қатыспайды. Қатысу міндеттеледі, бірақ қатысудың деңгейі өте төмен. Өйткені, оларға курсқа қатысуға арнайы уақыт бөлінбейді. Сегіз сағаттық жұмыстан шаршаған мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік тілді үйренуге уақыт таппайды. Қысқасы тілді білу талабы өз деңгейінде емес.

«Мемлекеттік тілді дамыту институтының» жетекшісі Бижомарт Қапалбековтің пікірі бойынша, мемлекеттік тілді дамытуға республикалық, қалалық және жергілікті бюджеттерден қыруар қаржы бөлінеді. Бірақ осы қаржыны ортақ бір мақсатқа жұмылдыратын кешенді стратегия жоқ. «Тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы жалпылама. Ал оны нақты бір бағытқа бағыттайтын Тіл комитеті. Бірақ ол комитет олардың жұмысын үйлестіруге араласа алмайды, өйткені олар қаржы беруші емес. Сол себепті де, бір басқарма биыл Кеденге қатысты сөздік шығарса, келесі басқарма сол сөздікті қайталап шығарып жатады. Немесе ертегі кейіпкерлерінің ортақ персонажы жоқ. Бүкіл Қазақстан бойынша, тілді оқытудың бірыңғай методикасы қалыптаспаған. ҚазТест бойынша, тілді

¹⁶ Ернар Нурмагамбетов. Анализ расходов на развитие казахского языка в 2013 году//<https://kazbei.org/themes/170-anaiz-rashodov-na-razvitie-kazahskogo-yazyka-v-2013-godu.html?lang=ru>

¹⁷ Сонда



білу 5 деңгей бойынша айқындалса, тілді үйрету курстарында ол үш деңгей бойынша үйретіледі. Алматы қаласы бір деңгейді үйрету үшін 120 сағат уақыт бөлетін болса, басқа орталықтардың бөлетін сағаттары әртүрлі. Яғни, бірізділік жоқ.

Репетитор, қазақ тілінің мұғалімі, жеке меншік курстарда сабақ беретін Гүлбағыш Бостан әкімшілік қызметкерлеріне қазақ тілінен сабақ үйреткенін айтады. «Маған әкімшілікте жұмыс істейтін үш жігіт келді. Олардың айтуынша, әкімшіліктің ұйымдастыруымен өтетін қазақ тілі сабақтарында тілді үйренушілердің оны білу деңгейі ескерілмеген. Қазақ тілін орта деңгейде білетіндер де, мүлдем білмейтіндер де бір топта отырған. Мәселен, әлгі үш жігіттің тілді білу деңгейі әртүрлі. Мен ол үш жігітпен жеке-жеке сабақ өткізуге мәжбүр болдым. Ал олар бір топта тілді өздерінен де жақсы білетін адамдармен бірге үйренген. Сол себепті де, оларға бұл курстар қызық болмаған. Олардың талабы – өз салаларына қатысты кәсіби лексика мен экономикалық терминдерді үйрену. Сол салада құжат жүргізіп, хаттарға жауап беруді білгісі келеді. Өкінішке орай, қазақ тілі курстары бұндай талаптарды ескермеген. Тілден әлі хабары жоқ, үйренуге енді талпынып жүрген адамға жаттатқан сөздері – архаизмдер. Оны қазақ тілін әжептәуір білетіндердің өзі білмеуі мүмкін ғой. Грамматикалық мәселелерге тым терең мән береді екен де, практикалық жағы ақсап қалған. Маған келген жігіттер бұл курстарда 4-5 сағаттан артық отыра алмаған. Өйткені тартпаған.

Ал, қазақ тілін шетелдіктерге үйретуге арналған методикалық оқулықтар тілді жаңадан бастап үйренетіндерге арналмаған. Тым күрделі. Терминдер біріздендірілмеген. Халықаралық терминдердің бәрін аударып тастаған. Мен осы балаларға 4-5 айдың ішінде тілді базалық деңгейде үйрете алдым» - дейді ол.

Біз зерттеу барысында Қазақстанмен тілдік жағдаяты ұқсас Украинаның тәжірибесін украиналық журналист Сергей Штурхецкийден сұрап білген едік. Жүргізілген сұхбаттан шығатын қорытынды: Қазақ тілі де, украин тілі де мектепте міндетті пән ретінде оқытылады. Украинада мемлекеттік қызметке қабылданатындардан украин тілін білетіндігі туралы сертификат талап етіледі, Қазақстанда талап етілмейді. Украинада мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тілге үйрету үшін бюджеттен арнайы қаржы бөлінбейді. Қазақстанда қанша қаржы бөлінгендігі туралы жоғарыда айтып өттік. Украинада іс-қағаздары 100 пайыз мемлекеттік тілде жүргізіледі. Ал Қазақстандағы іс-қағаздарының жай-күйі бәрімізге белгілі. Тіл комитетінің жүргізген анализі бойынша. Алматы қаласында іс-қағаздарының қазақ тіліндегі айналымы 67 пайызға жеткен.

Кесте 1. GOOD EXAMPLE


№	 Қазақстанмен жағдайы ұқсас Украинада жағдай калай? 
	 
	 
	 
	 

Бұдан шығатын қорытынды: Қазтест бағалау индикаторы бола алмайды; мемлекеттік тілді үйренуге ешкім мүдделі емес, сабақты үйретуші мұғалімдердің нақты көздеген мақсаты жоқ, ортақ методика жасалмаған, мемлекеттік сатып алу жүйесі дұрыс емес.

АҚПАРАТ БЕРУШІ ОРГАНДАРДЫҢ ЕСЕПТІЛІК ДЕҢГЕЙІ ҚАНДАЙ?

<http://www.anatili-almaty.kz/index.php/contents/4808>

Мемлекеттік сатып алу жүйесінің дұрыс еместігіне зерттеу барысында тағы да көзіміз жете түседі. Мәселен, зерттеу барысында «Senim-group consulting» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жетекшісі Нұрлан Тоқсабаевпен байланысудың сәті түсті. Алайда, бірден Алматы қалалық Тілдерді дамыту басқармасының төрайымы менің ақпарат бергенімді құптар ма екен деп қауіптенген ол соңында өзінің ешқандай ақпаратқа иелік етіп отырмағанын, ешқандай көмек көрсете алмайтындығын айтып, қандай да бір ақпаратпен бөлісуден бас тартты. Интернеттегі ашық деректер қоры бойынша «Senim-group consulting» ЖШС-і жайында ақпарат іздегенде тапқанымыз – Алматы қаласының Байзақов көшесінің 250-ші үйінде тіркелген, қызмет түрі жазбаша және ауызша аудармамен айналысатыны^[18] деп жазылған. Фейсбук әлеуметтік желісінен тапқан парақшамызда бұл ұйым туралы ешқандай ақпарат жоқ. Мен «Senim-group consulting» ЖШС-інің қызметкерлеріне фейсбуктен бос парақша тапқанымды айтқаннан кейін, бұл парақшаны да өшіріп тастағанының куәсі болдық.



Ал ашық бюджет деректерінен және www.goszakup.kz сайтынан белгілі болғаны, «Senim-group consulting» ЖШС 2017 жылғы Алматы қаласының Тілдерді дамыту басқармасының «Алматы қаласы жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне қазақ және ағылшын тілдерін оқыту, әлеуметтік қорғалмаған азаматтарға қазақ тілін, ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдеріне қазақ және ана тілдерін оқыту» лоты бойынша (конкурс № 1246924-OK1) 19 миллион 899 мың теңге ұтып алған^[19]. Ашық конкурсқа қатысушылар саны – 5. Мемлекеттік сатып алулар заңы бойынша ең төменгі бағаны ұсынған сатып алушы мұндай қызметтерді көрсетуді жеңіп алады. Ашық ақпарат базасы көрсетіп бергеніндей «Senim-group consulting» ЖШС-інің бұл салада ешқандай тәжірибесі жоқтығы байқалады. Бұл ұйымнан сәл жоғары баға көрсеткен (19 миллион 999 мың 999 теңге) «Мемлекеттік

¹⁸ https://tenderplus.kz/organization/TOO_Senim_Group_Consulting

¹⁹ <https://v3bl.goszakup.gov.kz/ru/announce/index/1246924?tab=protocolsfile:///>

тілді дамыту институтының» 4 жылдық тәжірибесі ескерілмеген.

Біз «Senim group consulting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлерінен тіпті ауызша беруге тиісті ақпараттарды да ала алмадық. «Ақпаратқа қол жеткізу» туралы заңның 11 бабы бойынша ауызша сұрау салу арқылы:

- ақпарат иеленушінің жұмыс кестесі;
- ақпарат иеленушілердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдарының және ведомстволық бағынысты ұйымдарының пошта мекенжайы, электрондық поштасының және (немесе) интернет-ресурстарының мекенжайы, анықтама қызметтерінің телефондары, сондай-ақ олардың басшылары туралы мәліметтер;
- жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау тәртібі;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, сұрау салуларын, арыздарын және шағымдарын қарау тәртібі; т.б. секілді ақпараттармен бөлісуге міндетті^[20].

Алайда «Senim group consulting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі электронды мекен-жайымен бөліспеді. Бірнеше рет кеңсесіне іздеп барғанымызбен, орнынан таппаған соң, пошта мекен-жайына Қаз-поштамен тапсырысты хат жолдадық. Электронды қызмет арқылы хаттың адресатқа жеткен-жетпегенін бақылап отыру қызметі бойынша, 18 маусымда хаттың әлі жетпегендігіне көзіміз жетті. Ал, 15 шілдеде хатымыз қайтып келді.

Senim group consulting қызметкерлері «Ақпаратқа қол жеткізу» туралы заңнан бейхабар екендіктерін танытты. Мәселен, 2015 жылы қабылданған «Ақпаратқа қол жеткізу» туралы заңының №4 бабында ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз етудің негізгі принциптері төмендегідей:

- Заңдылық
- Ақпарат иелері қызметінің ашықтығы мен айқындылығы
- Шынайылық пен толықтығы
- Өзектілігі мен жеделдігі
- Ақпаратқа қол жеткізудің тең болуы
- Мемлекеттік құпия мен өзге де заңмен қорғалатын құпияларды жарияламау;
- Жеке өмірі туралы және жеке, отбасы құпиясын жария етпеу;
- Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғау.

«Senim group consulting» қызметкерлерінің біріне хабарласқанымызда, олар «сіз менің азаматтық құқығыма қол сұқпаңыз» деген жауап қайтарды. Ал мен ол адамға аталған ұйым туралы ақпаратты сұрау – оның азаматтық құқығына қол сұғу емес екендігін түсіндіре алмадым. Ақпарат иелерінің қызметі ашық әрі айқын болмағандықтан, біз бұл ұйымның жұмысының әділдігіне қалай баға берімізді білмей дағдардық. Тиісінше, «Senim group consulting» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бір жылдық жұмысының есебін сұрап, Алматы қалалық Тілдерді дамыту басқармасына сауал жолдағанымызда, олар біздің бұл сауалымызды жауапсыз қалдырды. Сонымен, 2017 жылы бөлінген 19 миллион 899 мың теңгенің есебін ешқайдан таппадық.

2017 жылы ұйымдастырылған курста сабақ берген мұғалімдердің бірі оқыту ақысының төлену бары-

²⁰ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401>

сының ашық жүргізілмегендігіне наразы. Ол өзімен арнайы келісім-шарттың жасалмағанын және жазғы мерзімде салықты желеу етіп тағы да 30 мың теңгенің жалақысынан ұсталып қалғандығын айтты. Алайда, екінші мұғалім келісім-шарттың болғанын және төлемақысына риза екендігін жеткізді. Біз есебін таппаған тек «Senim group consulting» ЖШС-іне бөлінген 20 миллион теңге ғана емес, сондай-ақ, Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Тіл» оқыту-методикалық орталығы» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің де (БИН 060540003072) 2010-2016 жылдар аралығында жұмсаған қаржысының есебін таппадық. Біріншіден, бұл мекеме 2016 жылы ликвидацияға жіберілген. Өйткені, бұған дейін мемлекеттік сатып алуға тек бір сатып алушы ретінде қатысып келген. «Мемлекеттік сатып алулар» туралы заң талабы бойынша, бір сатып алушыға қаржы беру заңға қайшы болатын болғандықтан, бұл мекеме бәсекелестікке төтеп бере алмай, жабылып үлгерген. Бұл мекеме 2007-2016 жылдар аралығында 161442 мың теңгені пайдаланған (Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының ресми жауабы бойынша). www.openbudget.kz сайтында бұл қаржының толық игерілгендігі туралы ғана ақпараты бар. Алайда, тиынына дейін есептелген толық есебі жоқ. «Тіл» оқыту орталығын ұзақ жыл басқарған Бекет Тұрлымбеков мырзаға хабарласқанымызда, ол бұл ұйымның жойылғандығын, әрі оған енді қатысы жоқтығын айтып қандай да бір ақпаратпен бөлісуден бас тартты. Ал, осы уақыт аралығында жұмсалған қаржының толық есебін сұратқанымызбен, Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасы бұл сауалымызды жауапсыз қалдырған.

www.goszakupki.kz сайтындағы мәлімет бойынша «Тіл» оқыту-методикалық орталығы 2016 жылы «бір ғана сатып алушы» ретінде қатысқан. Тілдерді дамыту басқармасының ұсынған сомасы – 24 миллион 200 мың теңге болса, «Тіл» оқыту методикалық орталығы 22 миллион 450 мың теңгеге қызмет көрсету келісім-шартын жасаған.

Тілдерді дамыту басқармасы жариялаған конкурстың 2018 жылғы жеңімпазы «Мемлекеттік тілді дамыту» институтының директоры Бижомарт Қапалбеков биылғы жеңісін аталған басқарманың басшысының ауысуымен байланыстырады. Дегенмен, Бижомарт Қапалбеков мемлекеттік сатып алуларды жасаған кезде адам факторының ықпалы болатындығын жоққа шығармайды. Десе де, электронды құжат айналымының жыл өткен сайын тапсырыс беруші мен орындаушының тікелей контактіге баруын барынша азайтуға тырысып жатқандығын айтады. 2009 жылдан бері конкурсқа қатысқан ол биыл ғана жеңімпаз болып танылған.

Ақпаратты іздеу барысында есеп беруге тиісті үш мекемені айқындап отырмыз. Олар:

Алматы қаласы тілдерді дамыту басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекеме (БИН 020540003065);

Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Тіл» оқыту-методикалық орталығы» мемлекеттік коммуналдық мекеме (БИН 060540003072)

«Senim group consulting» (БИН 150840005891)

Бұл мекемелердің ашық ақпараттар базасындағы ақпараттарын «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 8-бабы бойынша ақпарат иеленушінің міндеттері критеріі бойынша баға беруге талаптанып көрдік. Бұл ретте аталған заң бойынша, ақпарат иелері кім деген сауалға заңның №8 бабының 4 тармағынан мына жауапты табасыз: бюджет қаражатын алушы заңды тұлғалар мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражатты пайдалануға қатысты ақпаратпен бөлісуі тиіс.

Сонымен:

Кесте 2.

№		Алматы қаласы тілдерді дамыту басқармасы комму- налдық мемлекеттік мекеме	Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Тіл» оқыту-методикалық орталығы» мемлекеттік коммуналдық мекеме	«Senim group consulting» ЖШС
1	Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге;	+	-	-
2	Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге Қажетті ұйымдастырушылық-техникалық және басқа да жағдайларды өз өкілеттіктері шегінде қамтамасыз етуге	- +	-	
3	Анық және толық ақпарат беруге;	+ -	-	-
4	Берілетін ақпаратта лауазымды адам туралы мәліметтердің жеткілікті көлемде болуын қамтамасыз етуге;	+	-	+
5	Ақпарат берудің заңда белгіленген мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етуге;	+	-	-
6	Ақпарат қамтылған интернет-ресурстардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;	+	-	-
7	Ашық деректер порталында ақпараттарды тұрақты және ашық түрде (шектеулі ақпараттан өзге) тұрақты негізде орналастыруға;	+	-	-

Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуде Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасымен байланысу, оларға жіберген сауалдарға жауап алу, ауызша тілдесу мүмкіндігі жоғары болғандықтан, бұл мекеменің ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге ашықтық көрсеткенін айта аламыз.

Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге қажетті ұйымдастырушылық-техникалық және басқа да жағдайларды өз өкілеттіктері шегінде қамтамасыз етуде Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасы 2017 жылы курс жүргізген мұғалімдердің байланысуға мүмкіндік жасады және курста тәлім алғандармен сұхбат жүргізуге көмектесті.

Анық және толық ақпарат беруде Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасы жіберілген сауалдарға тек жартылай жауап берді. Берілген жауаптар тек жасалған жұмыстарға қатысты болды. Ал қаржылық есептерге қатысты сауалдар жауапсыз қалды. Сол үшін де, бұл ұйымның есебін иә, әрі жоқ деуге болады.

Берілетін ақпаратта лауазымды адам туралы мәліметтердің жеткілікті көлемде болуын қамтамасыз етуде Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының ашық дереккөздерінен ақпарат табуға болады. «Senim group consulting» (БИН 150840005891) телефон арқылы сауалымызға берген жауабында басшысы туралы ақпаратпен бөлісті.

Ақпарат берудің заңда белгіленген мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етуде Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасы жауапты мерзімінен бұрын жолдады. «Senim group consulting» ЖШС-іне жіберілген хат жетпей, айналып өзіме қайтып келді.

Ақпарат қамтылған интернет-ресурстардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуде Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының сайтында атқарылған істері жайлы, жалпы есептер жүктеліп отыр. Алайда қаржылық есептерін таппадық.

Ашық деректер порталында ақпараттарды тұрақты және ашық түрде (шектеулі ақпараттан өзге) тұрақты негізде орналастыруда – www.goszakup.gov.kz сайтында Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының жүргізілген конкурстары туралы 2016 жылдан бергі ғана ақпарат бар. Бәлкім бұл 2016 жылғы «Ақпаратқа қол жетімділік туралы» заңның қабылдануына орай болуы мүмкін.

www.openbudget.kz сайтындағы деректер қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік бермейді. Кейбір деректер ақылы түрде ұсынылатындықтан, біз ол деректерді ала алмадық.

Қорыта айтқанда, бюджеттің қаржысын пайдаланып отырған мекемелер өз қызметтері туралы ақпаратпен бөлісу – міндеттері екендігін білмейді. Ақпарат иеленушілер ҚР Конституциясының 20-бабының 2-тармағы бойынша «Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар» (http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_) екендігінен бейхабар.

Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасы бұл заңның бар екенін біледі және ақпаратпен бөлісуге мүдделілік таныта білді. Алайда, бұл мекемеден қаржыға қатысты есептерді ала алмадық.

Айқындалған проблема:

Тапсырыс берушінің сатып алушыны таңдау критерийлері жоқ

Мемлекеттік қызметшілерді оқытудың нақты методологиясы жоқ

Сатып алушылардың материалдық-техникалық базасы талапқа сай емес. Лингафон кабинеттері т.б.

Сатып алушылар туралы ақпарат жоқ. Олардың қызметі ашық емес

ҰСЫНЫСТАР:

Жалпы тіл курстарын емес, іс-қағаздарын жүргізу курсын ұйымдастыру

Бюджет қаржысын алғандардың есептілік деңгейіне қойылатын талапты күшейту. Ашық ресурстар базасын қалыптастыру. Қаржылық есептің ашық болуын қамтамасыз ету.

«Мемлекеттік қызмет туралы» заңға мемлекеттік қызметшілердің тілді білуін міндеттейтін бап енгізу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын арттыру мақсатында қабылданған «Тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» алға қойған міндеттерін қаншалықты жүзеге асыра алды? Мемлекеттік тілді үйренушілердің, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің үлес салмағын 95 пайызға жеткізу жоспарының орындалу деңгейі қандай деген сұраққа жауап іздеу барысында осы зерттеуді қолға алған едік.

Зерттеу объектісі Алматы қаласында 2011-2017 жылдар аралығында бөлінген қаржының тиімді жұмсалуды.

Осы уақыт аралығында Алматы қаласының бюджетінен 192 миллион 200 мың теңге мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тілге үйрету үшін бөлінген. Бірақ, бөлінген қаржының қаншалықты тиімді жұмсалғаны туралы мониторинг жасалмаған. Дәл осы тақырыпта жасалған зерттеу жұмысын да кездестірмедік. Егер қаладағы мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік тілде сөйлей алатын болса, ол курстардың тиімділігінің арқасында емес, қоғамның қазақтану деңгейінің жоғары болуының арқасында жүзеге асырылып жатыр. Шын мәнісінде, курстардың нақты методикасы жоқ. Курс тыңдаушыларына ұсынылып отырған сабақтар тілді жалпы үйренушілерге арналған. Кәсіптік деңгейде, ғылыми немесе ресми қазақ тілін үйрету мақсат етілмеген.

Демек, бұл курстарды мемлекеттік қызметшілерге үйретуде:

Қазақ мектебін бітірушілер мен орыс мектебін бітірушілерді жекелеп үйрету;

Қазақ мектебін бітірушілер үшін арнайы іс-қағаздары курсы ұйымдастыру (7 айға созудың қажеті жоқ);

Басқармалар олардың сабаққа қатысуына мүдделі болса;

Әр басқарманың тілді қолдану ерекшеліктеріне орай (кәсіби) кәсіби терминдер мен кәсіби лексиканы қолдануға көбірек көңіл бөлінсе;

Нақты бір методикаға сүйеніп үйретілсе;

Тілді белгілі деңгейде меңгерген, қарым-қатынаста қазақша мүдірмей сөйлеп отырған адамдар үшін жалпы қазақ тілі курстарын ұйымдастырудан гөрі, кәсіптік ерекшеліктерге назар аударылса – қаржы анағұрлым тиімді жұмсалған болар ма еді?!

Тілді үйренуде кәсіби лексика мен іс-қағаздарын жүргізуге көңіл бөлу қажет деуімізге Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасы ұсынған 2018 жылдың II тоқсанындағы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлес салмағы да себеп болып отыр.

Мәселен, қалалық және аудандық әкімдіктердегі құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлес салмағы көңіл көншітерлік болғанымен (5-диаграмма), жекелеген басқармаларда бұл көрсеткіш өте төмен (6-диаграмма). Сол себепті де, бұл курстарды ұйымдастыруда фокус – құжат айналымын мемлекеттік тілде жүргізе алатындай деңгейге жеткізу болғаны абзал болар еді.

Қосымшалар:

Диаграмма 6. Алматы қаласы әкімдігі бойынша құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі (2018 жылдың II тоқсаны бойынша)





Диаграмма 7. Алматы қаласы әкімдігіндегі басқармалар бойынша 2018 жылғы II тоқсандағы құжат йналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі (пайыздық көрсеткішпен)



Тілді үйренуде кәсіби лексика мен іс-қағаздарын жүргізуге көңіл бөлу қажет деуімізге Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасы ұсынған 2018 жылдың II тоқсанындағы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлес салмағы да себеп болып отыр.

Мәселен, қалалық және аудандық әкімдіктердегі құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлес салмағы көңіл көншітерлік болғанымен (5-диаграмма), жекелеген басқармаларда бұл көрсеткіш өте төмен (6-диаграмма). Сол себепті де, бұл курстарды ұйымдастыруда фокус – құжат айналымын мемлекеттік тілде жүргізе алатындай деңгейге жеткізу болғаны абзал болар еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, «Қазақстан», - 1993 (31-4)
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы.- Алматы: Жеті Жарғы, - 2007. 136 б
3. Сонда
4. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/pismo-138-nazvali-ugrozoy-natsionalnoy-bezopasnosti-197480/
5. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_
6. Талгат Мамираимов, вице-президент Казахстанского центра гуманитарно-политической конъюнктуры: Политические аспекты языковой политики в Казахстане// <http://www.sarap.kz/index.php/ru/rubikon/323-politicheskie-aspekty-yazykovoj-politiki-v-kazakhstane.html>
7. Сонда
8. Егемен Қазақстан, 2001 жыл, 14 ақпан
9. Ерден Қажыбек: Мектептердің барлығы қазақ мектебі болуы керек!// <https://qazaquni.kz/2017/08/09/73336.html>
10. <http://anatili-almaty.kz/index.php/contents/79>
11. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>
12. Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді оқытудың жаңа технологиялары: дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, - 2011, 5-б
13. Елдос Сенбай. «Терминком мүшелерін терминатор секілді көрудің қажеті жоқ». Айқын, №162, 2010, 4,09
14. Ю.Кисткина. Что тормозит стопроцентную языковую казахизацию? <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1526727000>
15. Ернар Нурмагамбетов. Анализ расходов на развитие казахского языка в 2013 году <https://kazbei.org/themes/170-anaiz-rashodov-na-razvitie-kazahskogo-yazyka-v-2013-godu.html?lang=ru>
15. Сонда
https://tenderplus.kz/organization/TOO_Senim_Group_Consulting
16. [https://v3bl.goszakup.gov.kz/ru/announce/index/1246924?tab=protocolsfile:///Users/Lenovo/Downloads/buy_pi_0228_1810_1246924%20\(1\).html](https://v3bl.goszakup.gov.kz/ru/announce/index/1246924?tab=protocolsfile:///Users/Lenovo/Downloads/buy_pi_0228_1810_1246924%20(1).html)
17. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401>

